

**Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы (2000 жылғы 6 қыркүйек, Нью-Йорк қаласы)**

*2001.04.07. № 220-II ҚР Заңымен бекітілді*

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекеттер,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы адамның негізгі құқықтарына, адамның жеке басының қадір-қасиеті мен құндылығына және еркектер мен әйелдердің тең құқықтылығына қатысты сенімді тағы да қуаттағандығын ескере отырып,

сондай-ақ Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы қадір-қасиеті мен құқығы тұрғысында барлық адамдар еркін әрі тең болып жаратылады, сондай-ақ әрбір адам қандай да бір айырмашылықтарына, оның ішінде жынысына қатысты айырмашылықтарына қарамастан Декларацияда жарияланған барлық құқықтары мен барлық бостандықтарды иемденуі тиіс деп жарияланғанын ескере отырып,

адам құқығы туралы халықаралық актілерге және жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке тыйым салатын адам құқығы жөніндегі басқа да халықаралық құқықтық құжаттарға сілтеме жасай отырып,

сондай-ақ Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенцияға («Конвенция») сілтеме жасай отырып, онда оған қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін айыптайды және әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою саясатын барлық тиісті тәсілдермен кідіріссіз жүргізуге келіседі,

адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын әйелдерге толық және тең түрде беруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы құқықтар мен бостандықтарды бұзуды болдырмау жөнінде тиімді шаралар қабылдауға бекем бел байлағандықтарын қуаттай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Хаттамаға қатысушы мемлекет («Қатысушы мемлекет») Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің («Комитет») 2-бапқа сәйкес ұсынылатын хабарларды қабылдау және қарау құзыретін таниды.

**2-бап**

Конвенцияда мазмұндалған қандай да бір құқықтарын осы Қатысушы мемлекеттің белден басуының құрбаны болып табылатындығын растайтын хабарды Қатысушы мемлекет құқығына жататын адамдар немесе адамдар тобы жіберуі немесе хабар олардың атынан жіберілуі мүмкін. Егер хабар жекелеген адамдардың немесе адамдар тобының атынан жіберілетін болса, бұл олардың келісімімен жасалады, автор өзінің әрекетін осындай келісімсіз олардың атынан негіздей алатын жағдайлар бұған қосылмайды.

**3-бап**

Хабар жазбаша түрде беріледі және ол беймәлім хат болмауы тиіс. Комитет хабарды, егер ол Конвенцияға Қатысушы мемлекетке қатысты болса, бірақ ол осы Хаттаманың қатысушысы болып табылмаса қабылдамайды.

#### **4-бап**

1. Комитет құқықтық қорғаудың барлық мүмкін болатын ішкі құралдары түгелдей қолданылғанына көз жеткізгенге дейін хабарды қарамайды, қорғаудың мұндай құралдарын қолдану негізсіз созылған немесе олар күтілгендей нәтиже бермейтін жағдайлар бұған қосылмайды.

2. Мынадай жағдайларда:

а) тап осы мәселені Комитет бұрын қараған болса немесе ол халықаралық талқылаудың яки реттеудің басқа да рәсіміне сәйкес қаралған болса немесе қаралып жатса;

б) хабар Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмесе;

с) хабар көрер көзге негізсіз немесе жеткілікті түрде негізделмеген болса;

д) хабардан осындай хабар жіберуге арналған құқықтың қиянат жасап пайдаланылғандығы білінетін болса;

е) хабардың тақырыбы болып табылатын фактілер тиісті Қатысушы мемлекет үшін осы Хаттама күшіне енген уақытқа дейін орын алса, егер осы фактілер аталған күннен кейін де орын алмаған жағдайда Комитет хабарды қабылдауға жарамсыз деп жариялайды.

#### **5-бап**

1. Хабар алынғаннан кейін және оның мазмұны бойынша шешім қабылданғанға дейін Комитет жорамалданған заңсыздықтың салдарынан құрбандыққа немесе құрбандықтарға ықтимал болатын түзелмейтіндей нұқсан келтіруді болдырмас үшін қажетті болып табылатын уақытша шараларды Қатысушы мемлекеттің қолдануын сұраған өтінішті кідіріссіз қарауы үшін кез келген сәтте тиісті Қатысушы мемлекетке жібере алады.

2. Егер Комитет осы баптың 1-тармағына сәйкес өзінің дискрециондық құқығын жүзеге асыратын болса, бұл хабарды қабылдауға болатындығын немесе оның мазмұнына қатысты Комитет шешім қабылдағандығын білдірмейді.

#### **6-бап**

1. Комитет тиісті Қатысушы мемлекетті атамай хабарды қабылдауға болмайды деп есептейтін жағдайларды қоспағанда және адам немесе адамдар атын немесе аттарын осы Қатысушы мемлекетке ашуға келісімін берген жағдайда Комитет осы Хаттамаға сәйкес өзіне жіберілген кез келген хабар туралы құпиялылық сақтау тәртібімен тиісті Қатысушы мемлекетті құлағдар етеді.

2. Жазбаша хабар алған Қатысушы мемлекет осы мәселені және егер мұндай жағдай орын алса, осы Қатысушы мемлекет қабылдауы мүмкін кез келген шараны түсіндіретін жазбаша түсініктемені немесе өтінішті алты айдың ішінде Комитетке ұсынады.

#### **7-бап**

1. Комитет, егер мұндай ақпарат тиісті Тараптарға жіберілген болса, өзіне жекелеген адамдар немесе адамдар тобы немесе олардың атынан, сондай-ақ тиісті Қатысушы

мемлекет ұсынған барлық ақпаратты ескере отырып осы Хаттамаға сәйкес алынған хабарды қарайды.

2. Осы Хаттамада көзделген хабарларды қараған кезде Комитет жабық мәжіліс өткізеді.

3. Комитет хабарды зерттегеннен кейін хабарға қатысты өзінің пікірін ұсыныстарымен бірге, егер ұсыныстар болатын болса, тиісті Тараптарға жолдайды.

4. Қатысушы мемлекет Комитеттің пікірін оның ұсыныстарымен бірге, егер ұсыныстар болатын болса, тиісті түрде қарайды және жазбаша жауапты, оның ішінде Комитеттің пікірі мен ұсыныстарын ескере отырып қабылданған кез келген шаралар туралы ақпаратты алты айдың ішінде Комитетке ұсынады.

5. Комитет Қатысушы мемлекетке өзінің пікіріне немесе ұсыныстарына, егер ұсыныстар болатын болса, жауап ретінде Қатысушы мемлекет қабылдаған кез келген шаралар туралы қосымша ақпаратты, оның ішінде Комитет мұны орынды деп санаса, Конвенцияның 18-бабына сәйкес Қатысушы мемлекет ұсынатын кейінгі баяндамаларында табыс етуді ұсына алады.

## 8-бап

1. Егер Комитет Конвенцияда мазмұндалған құқықтарды Қатысушы мемлекеттің елеулі түрде немесе тұрақты түрде бұзғандығын куәландыратын сенімді ақпаратты алатын болса, Комитет осы Қатысушы мемлекетке ақпаратты бірлесіп зерттеуді ұсынады және осыған байланысты тиісті ақпаратқа қатысты ескертпелерін де ұсынады.

2. Мүдделі Қатысушы мемлекет ұсынуы мүмкін кез келген ескертпені, сондай-ақ өзінде бар кез келген басқа да сенімді ақпаратты ескере отырып, Комитет тергеу жүргізу және Комитетке шұғыл түрде баяндама ұсынуы үшін өзінің бір немесе бірнеше мүшесін тағайындай алады. Бұл негізді болған жағдайларда және Қатысушы мемлекеттің келісімімен тергеу оның аумағында болуды да қамтуы мүмкін.

3. Осындай тергеудің нәтижелерін зерттегеннен кейін Комитет осы нәтижелерді кез келген ескертпелерімен және ұсыныстарымен бірге тиісті Қатысушы мемлекетке жолдайды.

4. Тиісті Қатысушы мемлекет Комитет жолдаған нәтижелерді, ескертпелер мен ұсыныстарды алған кезінен бастап өзінің ескертпелерін алты айдың ішінде Комитетке жібереді.

5. Мұндай тергеу құпия түрде жүргізіледі және осы жұмыстың барлық кезеңдерінде осы Қатысушы мемлекет тарапынан бірлесіп жұмыс істеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданылады.

## 9-бап

1. Комитет тиісті Қатысушы мемлекетке осы Хаттаманың **8-бабына** сәйкес жүргізілген тергеуге байланысты қабылданған кез келген шаралар туралы егжей-тегжейлі ақпаратты Конвенцияның 18-бабына сәйкес ұсынылатын баяндамасына қосуды ұсына алады.

2. **8.4-бабында** сөз болатын алты айлық кезең аяқталғаннан соң, қажет болған жағдайда, Комитет тиісті Қатысушы мемлекетке осындай тергеуге байланысты қабылданған шаралар туралы хабардар етуді ұсынуы мүмкін.

## 10-бап

1. Кез келген Қатысушы мемлекет осы Хаттамаға қол қойған немесе бекіткен және оған қосылған уақытта **8-9-баптарда** көзделген Комитеттің құзыретін танымайтындығы туралы мәлімдеуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған кез келген Қатысушы мемлекет Бас Хатшыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы осындай мәлімдемесінен кез келген уақытта бас тарта алады.

### **11-бап**

Осы Хаттамаға сәйкес хабар Комитетке жіберілуі салдарынан өзінің құқығына жататын адамдар нашар қарым-қатынасқа немесе қорқытуға ұшырамасы үшін Қатысушы мемлекет барлық қажетті шараларды қабылдайды.

### **12-бап**

Комитет Конвенцияның 21-бабында көзделген өзінің жыл сайынғы баяндамасына осы Хаттамаға сәйкес өзінің қызметі туралы қысқаша есеп беруді қосады.

### **13-бап**

Әрбір Қатысушы мемлекет Конвенцияны және осы Хаттаманы кең ауқымда таратуға және жария етуге, сондай-ақ Комитеттің пікірлері мен ұсыныстары туралы ақпаратқа, атап айтқанда осы Қатысушы мемлекетке қатысты мәселелер бойынша ақпаратқа қол жеткізуге жәрдемдесуге міндеттенеді.

### **14-бап**

Комитет осы Хаттама арқылы өзіне жүктелетін функцияларды орындау кезінде сақталуға тиісті өзінің рәсімдік ережелерін талдап жасайды.

### **15-бап**

1. Осы Хаттама Конвенцияға қол қойған, оны бекіткен немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Хаттама Конвенцияны бекіткен немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің бекітуіне жатады. Бекіту грамоталары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

3. Осы Хаттама Конвенцияны бекіткен немесе оған қосылған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

4. Қосылу қосылу туралы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының депозитарийіне тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

### **16-бап**

1. Осы Хаттама қосылу туралы оныншы бекіту грамотасын немесе оныншы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының депозитарийіне тапсырған күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманы бекітетін немесе ол күшіне енгеннен кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы Хаттама оның бекіту грамотасын немесе қосылуы туралы құжатын депозитарийге тапсырған күннен бастап үш айдан соң күшіне енеді.

### 17-бап

Осы Хаттамаға қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

### 18-бап

1. Кез келген Қатысушы мемлекет осы Хаттамаға түзетулерін ұсына алады және оларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына табыс ете алады. Бас Хатшы содан кейін осы ұсынысты қарау және олар бойынша дауыс беруді өткізу мақсатында Қатысушы мемлекеттердің конференциясын шақыруды олардың қолдайтындығын өзіне хабарлау туралы өтініш айтып, кез келген ұсынылған түзетулерді Қатысушы мемлекеттерге жолдайды. Егер мұндай конференцияны шақыруды Қатысушы мемлекеттердің кем дегенде үштен бірі қолдайтын болса, Бас Хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымының демеуімен осындай конференцияны шақырады. Осындай конференцияда дауыс беруге қатысқан немесе атсалысқан Қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған кез келген түзету бекіту үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясына ұсынылады.

2. Түзетулер оларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткеннен кейін және осы Хаттаманы Қатысушы мемлекеттердің үштен екіден көпшілігі өздерінің конституциялық рәсімдеріне сәйкес қабылдаған соң күшіне енеді.

3. Түзетулер күшіне енген уақытта оларды қабылдаған Қатысушы мемлекеттер үшін түзетулер міндетті болып табылады, ал басқа да Қатысушы мемлекеттер үшін осы Хаттаманың ережелері және олар қабылдаған кез келген бұрынғы түзетулер міндетті болып табылады.

### 19-бап

1. Кез келген Қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Хатшысының атына жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта осы Хаттаманың күшін жоя алады. Күшінің жойылуы Бас Хатшы осындай хабарламаны алған күннен бастап алты айдан соң күшіне енеді.

2. Күшін жою күшін жоюдың күшіне енген күніне дейін [2-бапқа](#) сәйкес ұсынылған кез келген хабарға немесе [8-бапқа](#) сәйкес басталған кез келген тергеуге қатысты осы Хаттаманың ережелерін одан әрі қолдануға нұқсан келтірмейді.

### 20-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы барлық мемлекеттерге:

- a) осы Хаттамаға сәйкес қол қоюлар, бекітулер және қосылулар туралы;
- b) осы Хаттаманың күшіне енген күні және [18-бапқа](#) сәйкес кез келген түзетулер туралы;
- c) [19-бапқа](#) сәйкес кез келген күшін жою туралы хабарлайды.

## **21-бап**

1. Ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндерінің түпнұсқалары бірдей болып табылатын осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатына тапсырылады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы осы Хаттаманың куәландырылған көшірмелерін Конвенцияның 25-бабында аталған барлық мемлекеттерге жолдайды.